

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2018 жылғы «26» қаңтар

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ инвестициялық портфелі

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 7 774,82 млрд теңгені құрады. 2017 жылдың басындағы көрсеткішпен салыстырар болсақ, зейнетақы активтерінің сомасы 1 094,68 млрд теңгеге немесе 16,4 пайызға артып отыр. Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылы, яғни соңғы 12 ай ішінде 7,92 пайызды құрады. Инфляция деңгейі бұл кезеңде 7,1% болды. Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 550,6 миллиард теңгені құрады.

Еске сала кетелік, зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстың мөлшері қаржы нарығындағы ахуалға және зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының бағасына тәуелді. ҚР Ұлттық Банкі ұзақ мерзімді келешекте табыстылықтың тұрақты деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өзінің инвестициялық стратегиясында әртараптандырылған инвестициялық портфель тұжырымдамасын ұстанады.

Қазіргі уақытта портфельдің негізгі бөлігі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздарына» тиесілі. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың пайыздық үлесі – 46,14% болды. 2017 жылдың желтоқсан айында ҚР мемлекеттік құнды қағаздарының ағымдағы құны 167,14 млрд теңгеге артып, 3 587,63 млрд теңгені құрады. Екінші орында «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары». Олардың портфельдегі үлесі – 16,03%. Ал ағымдағы құны – 1 246,49 млрд теңге. Үшінші орында «Шет мемлекеттердің мемлекеттік құнды қағаздары» деп аталатын қаржы құралдары. Олардың портфельдегі үлесі – 12,2% болса, ағымдағы құны – 948,84 млрд теңге.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған осы және өзге де қаржы құралдары теңгеде (72,28%), АҚШ долларында (27,14%) және Ресей рублінде (0,47%) номинирленген. Инвестициялық портфельдің толық құрылымы БЖЗҚ ресми сайтында қолжетімді:

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/a90/a90d0d4775c01f884ce73d71bf67907e.pdf>.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz